

«Тұрақты ауыл шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту» 6M050600-Экономика мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға қабылдау жүргізіледі, оның оқу бағдарламасы Германия, Чехия, Польша және Ресейдің шетелдік университеттерінің қатысуымен Erasmus+ SARUD халықаралық жобасын жүзеге асыру шеңберінде дайындалған. Жобаның үйлестірушісі ретінде Хойенхайм университеті (Германия, Штутгарт) қатысады. Аталған магистратурада оқу Қазақстанның ерекшеліктері жағдайында тұрақты ауыл шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту бойынша білікті мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді.